

Б.Т. Аймурзина, э.ғ.д., профессор¹

Р.С. Сарбасова*, докторант¹

А.А. Тулепбекова, PhD, сарапшы²

М.Т. Баймолдаева, э.ғ.к., қауымд. профессор³

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,

Астана қ., Қазақстан¹

«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы,

Астана қ., Қазақстан²

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,

Алматы қ., Қазақстан³

* – негізгі автор (хат-хабар үшін автор)

e-mail: sraikhan_81@mail.ru

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ ТҰРАҚТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы саласының дамуы экономикалық дағдарыстар мен кедергілерге төтеп беретін, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және еліміздегі импорттың мөлшерін төмендетуге бағытталған аграрлық бизнестің жаңа бағыттарын іздеумен сипатталады. Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту бағыттарының бірі - шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту. Шағын және орта бизнес өзінің теңдессіз артықшылықтарына орай экономиканың ұтқыр және нәтижелі секторы, ондағы инновациялық процестердің негізгі генераторы болып табылады, ауыл шаруашылығы саласын қаржылық сауықтыру бағыттарының біріне жатады. Кең ауқымды шаралардың іске асырылуына қарамастан, қазіргі таңда ауыл шаруашылығының дамуы, оның ішінде ондағы шағын және орта бизнестің дамуы өте баяу қарқынмен жүруде. Оның ауыл шаруашылығы өніміндегі үлесі айтарлықтай үлкен емес. Бұл жағдай ауыл шаруашылығының өзіне тән ерекшеліктеріне, табиғи-климаттық жағдайларға, сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамытудағы көптеген кедергілерге байланысты.

Мақалада Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде (АӨК) шағын және орта бизнестің (ШОБ) дамуын тежейтін негізгі проблемалар мен кедергілер қаралады. ШОБ субъектілерінің ауыл шаруашылығында жұмыс істеу тиімділігіне әсер ететін факторлар зерделенеді. Инфрақұрылым дамуының төмен деңгейі, өндірістің техникалық тозуы, өткізу нарықтарындағы тәуекелдер және өңірлік деңгейде әлсіз қолдау шаралары сияқты шектеулер анықталды. Жүргізілген талдау негізінде мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру, ауылдық кооперацияны дамыту және АӨК-де ШОБ-тің тұрақты өсуін ынталандыру үшін субсидиялау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар ұсынылды.

Кілт сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, шағын бизнес, орта бизнес, ауыл шаруашылығы, қаржылық сауықтыру, қаржылық тұрақтылық, мемлекеттік қолдау.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, малый бизнес, средний бизнес, сельское хозяйство, финансовое оздоровление, финансовая устойчивость, государственная поддержка.

Keywords: agro-industrial complex, small business, medium business, agriculture, financial recovery, financial stability, government support.

Кіріспе. Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) көптеген елдердің, оның ішінде Қазақстан Республикасының экономикасының негізі болып табылады. ШОК экономикалық белсенді халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді, инновацияларды енгізуге және салаларды әртараптандыруға ықпал етеді [1]. Сонымен қатар аграрлық саладағы ШОК дамытуды аталған саланың қаржылық жағдайының тұрақтануына өз әсерін тигізеді.

Ауыл шаруашылығы саласының еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңыздылығын ескерсек, осы салада шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың өзектілігі артады.

Шағын және орта бизнес өзінің жеделдігіне, икемділігіне және нарықтың өзгерген жағдайларына тез бейімделуіне байланысты өзінің теңдессіз артықшылықтарына орай экономиканың ұтқыр және нәтижелі секторы, ондағы инновациялық процестердің негізгі генераторы болып табылады [2].

Дәл осы шағын және орта кәсіпорындар экологиялық таза ауылшаруашылығы өнімдерін өндіруге қабілетті. Алайда мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан іс-шараларға, экономиканың осы

саласына бөлінетін қаражаттардың өсуіне, үкіметтің мүдделі екендігіне қарамастан шағын және орта бизнестің дамуы үлкен қиындықтармен қатар жүруде.

Мақаланың мақсаты – АӨК-тегі шағын және орта бизнесті дамытуды тежейтін негізгі проблемаларды анықтап, оларды шешу жолдарын ұсыну.

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері талданды, бұл жұмыстың теориялық негізін қалыптастырып, негізгі қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Ақпараттық база ретінде агроөнеркәсіптік кешендегі шағын және орта бизнестің даму жайлы ресми талдамалық деректер пайдаланылды. ШОБ-тың даму динамикасын бағалау үшін статистикалық талдау әдістері қолданылды. Көрсеткіштердің өзгеру үрдісін айқын көрсету мақсатында графикалық тәсілдер қолданылып, деректерді көрнекі түрде ұсынуға жағдай жасалды. Ал негізгі мәселелерді айқындау үшін себеп-салдарлық байланыс әдісі пайдаланылды.

Статистикалық ақпарат көздері ретінде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының, «Атамекен» ҰКП ресми сайттарының мәліметтері пайдаланылды. Сондай-ақ зерттеу барысында Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары, Кәсіпкерлік Кодекс пайдаланылды.

Әдебиеттерге шолу. Аграрлық сектор еліміздің ұлттық экономикасында, азық-түлік қауіпсіздігі мен азық-түлік тәуелсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Қазақстан үкіметі агроөнеркәсіптік кешенді және ауыл шаруашылығының барлық салаларын дамытуда мемлекеттік қолдаудың кең ауқымды шараларын іске асыруда [3]. Кең ауқымды шаралардың іске асырылуына қарамастан, ауыл шаруашылығының дамуы, оның ішінде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы мәселесі күн тәртібінен түспейтін сұрақтар қатарына жатады.

АӨК шағын және орта кәсіпкерліктің жағдайы, мәселелері және даму болашағы көптеген ғалым-экономистердің зерттеу тақырыбы болып табылады.

Отандық ғалымдардың көптеген зерттеу жұмыстары агроөнеркәсіптік кешендегі шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне арналады. Мәселен, Жакупова Б.А., Макаров А.Н., Токтарова М.А. шағын және орта кәсіпкерлік – мемлекетте бәсекелі ортаны қалыптастыратын, халықтың қолда бар қаржылық және өндірістік ресурстарын жұмылдыратын, елдің нарығын отандық тауарлар және қызмет көрсетулермен нақты қамтамасыз етуге қабілетті болатын, жұмыссыздық пен басқа да әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге ықпал ететін сала екендігін атай отырып, АӨК ШОК қызметтеріне SWOT талдау жүргізіп, оны дамытудың заманауи көзқарастары мен негізгі мәселелерін айқындайды [4].

Жұмашева С.Т., Омарбакиев Л.А., Низамдинова А.К. кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік саясаттың тұрақтылығы, жеңілдікті салық режимі, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, қолдаудың дамыған инфрақұрылымы, зияткерлік меншікті қорғаудың тиімді жүйесінің болуы, кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін арттырудың икемді нарықтық тетіктерін қалыптастыру қажеттігін алға тартады [5].

Тулешова Г.Б., Сапаров Е.К., Сыздықбаева Н.Б. АӨК-дегі кәсіпкерлік құрылымдардың өндірістік, коммерциялық және қаржылық қызметінің тиімділігіне әсер етуші факторларға тоқталып, АӨК ШОК дамыту бағыттарын ұсынады [6].

Ресейлік зерттеушілер М.Отинова, Т.Савченко шағын аграрлық бизнестің дамуы бірнеше блоктан тұратын мемлекеттік реттеудің ықпалды механизмін іске асырғанда мүмкін болатындығын атап өтіп, әр блокқа жеке тоқталады [7].

М.А. Parkhomchuk және т.б. өз зерттеу жұмысында аграрлық секторды дамыту перспективалары ауыл шаруашылығы шикізатын өсіру және өңдеу процесіне инновациялық құрамдас бөлікті енгізумен байланысты болуға тиіс деп санайды [8].

Dumitru TRACI өз мақаласында аграрлық бизнестің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін оның қызметін басқарудың ғылыми жүйесін ұзақ мерзімді перспективада құру қажет деп санайды. Мұндай басқару жүйесі қызметті бағалаудың тиісті алгоритмдеріне (көрсеткіштеріне) және болжамды мақсаттарға негізделуі тиіс [9].

Экономикамен тікелей байланысты және оның өсуін қамтамасыз етуге ықпал ететін Қазақстанның экономикалық саясатының стратегиялық маңызды бағыттарының бірі шағын және орта бизнестің тұрақты дамуы болып табылады. Ауыл шаруашылығындағы шағын және орта бизнес (бұдан әрі - ШОБ) нарықты тауарлармен молықтыруға, әлеуметтік қызметтер құруға, қосымша жұмыс орындарын құруға және бәсекелестікті күшейтуге елеулі әсер етеді [10]


Тиімді шағын және орта бизнес - бұл елдің әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде маңызды рөл атқаратын қала мен ауыл дамуының берік негізі, сондықтан шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесі елдегі негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Жалпы, әдебиеттерге шолу ауыл шаруашылығындағы шағын және орта бизнесті дамыту мәселесінің өзектілігі мен күрделілігін растайды. Бұдан бөлек, АӨК шағын және орта бизнестің нақты қаржыландыру көздеріне қол жеткізу, несиелік тәуекелдер, өнім өткізу нарықтарының шектеулігі сияқты шешілмеген мәселелер әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Ауыл шаруашылығындағы кәсіпкерлердің басқарушылық және нарықтық құзыреттерінің төмендігі де бұл саланың бәсең дамуына әсер етуде. Сондықтан осы зерттеу АӨК-дегі шағын және орта бизнесті қолдаудың экономикалық аспектілерін зерделеуге бағытталған.

Негізгі бөлім. Шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) агроөнеркәсіптік кешенді (АӨК) жаңғырту мен әртараптандыруда шешуші рөл атқарады. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ШОК салаға технологиялық инновацияларды, мысалы, егін мониторингі үшін дрондар мен датчиктер енгізудегі рөлі белсенді. Сонымен қатар, ШОК саланы әртараптандыруға белсенді қатысады. Мәселен, Еуропа мен АҚШ-та шағын компаниялар ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді белсенді дамытуда, бұл ішкі нарық пен экспорт үшін жоғары сапалы өнім жасауға ықпал етеді. ШОК сонымен қатар Жапония мен Австралия сияқты елдерде байқалғандай, экологиялық таза өндіріс және көміртегі ізін азайту арқылы тұрақты дамуға айтарлықтай әсер етеді. Еуропалық одақта кеңінен қолданылатын субсидиялау, жеңілдетілген несиелеу және кооперация бағдарламалары арқылы қолдау ШОК-ты жаһандық жеткізу тізбегіне интеграциялауға ықпал етеді.

ШОК-тың Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінде де осындай маңызы бар. ШОК ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға, инновациялық технологияларды енгізуге, қайта өңдеу өнеркәсібін дамытуға және ауылдық өңірлерде жұмыс орындарын құруға ықпал етеді.

Ұлттық статистика бюросының (ҰСБ) деректері бойынша 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында агроөнеркәсіптік кешенде тіркелген ШОК субъектілерінің саны 312,7 мың бірлікті құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 1,6 мың бірлікке аз. Оның ішінде жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны 299,6 мың бірлікті (2023 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 300,4 мың бірлік) құрады, бұл жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің жалпы санының шамамен 14,8%-н құрайды.




1 – сурет. АӨК-тегі ШОК белсенділігінің деңгейі, %

* [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Суретте көрсетілген жұмыс істеп тұрған және тіркелген кәсіпорындардың арақатынасы ретінде есептелетін **шағын және орта кәсіпкерлік белсенділігінің индикаторы** экономика салаларының сыртқы сын-қатерлерге орнықтылығы мен бейімделуінің маңызды көрсеткіші болып табылады. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша агроөнеркәсіптік кешендегі

ШОК белсенділігінің деңгейі 95,8% құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңіндегі көрсеткіштен 0,2 п.к. артық. Бұл нәтиже кәсіпорындардың АӨК саласына тартылуының тұрақты өсуін көрсетеді. АӨК-тегі белсенділік деңгейі саланың жоғары бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді, ел бойынша орташа көрсеткіштен едәуір асып түседі, ол 91% құрайды. Бұл сектордың тұрақты кәсіпкерлік белсенділікті сақтаудағы салыстырмалы артықшылығын көрсетеді.

Саланы дамыту көрсеткіштерінің бірі оның елдің жалпы ішкі өніміндегі (ЖІӨ) үлесі болып табылады. ҰСБ деректеріне сәйкес 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында елдің ЖІӨ-дегі АӨК үлесі 2,5% құрады, бұл 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 0,3 п.к. аз. 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында ауыл, орман, балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 7,6 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7,7%-ға артық. Ауыл шаруашылығының негізгі компоненттерінің ішінде өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру басымдыққа ие.



2 – сурет. Шаруашылықтардың барлық санаттарындағы ауыл шаруашылығы: өнімдердің (қызметтердің) жалпы шығарылымы (млн. теңге) және оның ЖІӨ-дегі үлесі (%)


* [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Бұл ретте 2024 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша ШОК үлесіне шығарылатын ауыл шаруашылығы өнімінің 15,5%-ы тиесілі болды, бұл шамамен 1,17 трлн. теңге. Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің 84,5%-ын үй шаруашылықтары құрайды.

2024 жылғы мәліметтер бойынша, ауыл шаруашылығы Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі (ЖІӨ) үлесі шамамен 4% көлемінде. Бұл көрсеткіш жыл сайын аздап өзгеріп отырады, алайда ұзақмерзімді үрдіс бойынша АӨК үлесі ЖІӨ-де тұрақты түрде орташа деңгейде сақталып келеді.

Бұл – Қазақстан экономикасында өнеркәсіп, қызмет көрсету, сауда және құрылыс сияқты басқа салаларға қарағанда ауыл шаруашылығының үлесі салыстырмалы түрде төмен екендігін көрсетеді. Дегенмен, ауыл шаруашылығы — елдің азық-түлік қауіпсіздігі, ауылдық жерлердегі жұмыспен қамту және экспорттық әлеует тұрғысынан стратегиялық маңызды сала.

Келесі 3-суретте шағын және орта бизнеспен өндірілген ауылшаруашылығы өнімінің құрылымын қарастырамыз.



3 – сурет. 2024 жылғы қаңтар-маусымдағы ШОК өнімдерін шығару құрылымы

* [15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған


Егер 2024 жылдың бірінші жартыжылдығында шығарылатын өнімнің 31%-ы дара кәсіпкерлерге тиесілі болса, онда өткен жылдың осы кезеңінде бұл үлес шаруа және фермер қожалықтарына тиесілі болды. Бұл салықтық әкімшілендіру, ірілену үрдістері немесе бухгалтерлік есеп әдістемесіндегі өзгерістер сияқты бірнеше факторларға байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, шағын ауыл шаруашылығы өндірушілері жеткізу тізбегіне қол жеткізу, ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарымен бәсекелестік және өндіріс ауқымымен байланысты қиындықтарды жеңу кезінде бірқатар қиындықтарға тап болады. Бұл – өнімді жинау және тасымалдау бірлігіне жоғары шығындар, азық-түлік тауарларының қауіпсіздігіне жоғары тәуекелдер, аграрлық білімге шектеулі қолжетімділік.

Ауыл шаруашылығы сауда, өнеркәсіп және білім берумен қатар елдегі жұмыспен қамтудың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді. Ауыл шаруашылығында шамамен 1,1 млн адам жұмыс істейді, бұл экономикадағы жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 11,8%-ын құрайды. Алайда, 2010 жылдан бастап ауыл шаруашылығында жұмыскерлер санының төмендеуі байқалады – 2010 жылы 2,3 млн адамнан 2020 жылы 1,2 млн адамға дейін. Бұл ретте АӨК жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 43%-ы немесе 474 мың адам ШОК-қа тиесілі.

Агроөнеркәсіптік кешеннің ШОК-тағы еңбек өнімділігі экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда төмен деңгейде қалып отыр. Мәселен, 2023 жылы өнеркәсіптің ШОК еңбек өнімділігі бір қызметкерге 303 млн теңгені, ал көлік секторының ШОК 28 млн теңгені құрады.

Соңғы 5 жылда АӨК-тегі бұл көрсеткіш 1,3 есеге артып, 2023 жылы бір адамға 9,34 млн. теңге деңгейінде қалды.



4 – сурет. Ауыл шаруашылығы ШОК субъектілеріндегі еңбек өнімділігі, млн. теңге

* [15] дереккөзі негізінде авторлармен ауыл шаруашылығындағы ШОК өнімін өндірудің ауыл шаруашылығы ШОК субъектілерінде жұмыс істейтіндер санына қатынасы ретінде есептелген

Еңбек өнімділігінің төмен деңгейде болуы техника мен заманауи технологиялардың жетіспеуі, агроқызметкерлердің біліктілік деңгейінің төмендігі, еңбек процесін ұйымдастырудағы тиімсіздікпен байланысты қалыптасқан.

АӨК-тегі жалақы – елдегі ең төмен жалақы. ҰСБ деректеріне сәйкес 2023 жылы ауыл шаруашылығындағы орташа айлық атаулы жалақы 222,5 мың теңгені құрады, бұл республикалық жалақыдан 38,9%-ға төмен. Салыстыру үшін өңдеу өнеркәсібінде жалақы 414,4 мың теңгені, көлікте – 465,7 мың теңгені, білім беруде – 281,9 мың теңгені құрады.

Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігінің төмендігінің негізгі факторы осы сектордағы кәсіпкерлік белсенділіктің әлсіз даму динамикасында жатыр. Ауыл шаруашылығындағы жеке бизнес негізінен мемлекеттік қолдауға тәуелді және бәсекелестік арқылы өмір сүруге ұмтылмайды. Отандық ауыл шаруашылығы өндірушілері мемлекет тіпті экономикалық тұрақтылық кезеңінде де олардың қаржылық көмегін қамтамасыз ететініне сенімді. Бұл жағдай ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесі ұзақ уақыт бойы тиімділігі төмен шаруашылықтарға өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бергендігімен байланысты, бұл өз кезегінде бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіптік кешеннің қалыптасуына кедергі келтірді.

Бұдан бөлек, АӨК-тегі еңбек өнімділігінің төмендігіне ауылдық жерлердегі инфрақұрылымның нашар жағдайы, оның ішінде жөндеуді қажет ететін жол желілері және прогрессивті суару жүйелерінің болмауы да ықпал етеді. Сондай-ақ, цифрлық технологияларды қолданатын ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін бұл саладағы өнімділіктің өсуін шектейді.

Аграрлық бизнестің тиімді жұмыс істеуіне кедергі келтіретін басқа да проблемалар – ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу нарықтарының дамымауы, нарыққа шығу тәуекелдерінен қорғалмауы, өндірістің техникалық тозуы, ынталандыру шараларының болмауы.

Ауыл шаруашылығында ШОК дамуын тежейтін негізгі себептердің қатарында өндірістің төмен тиімділігін, инвестициялардың төмен қайтарымын, меншікті қаражаттың жетіспеушілігін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жинақталған қарыздарды және аграрлық секторда жеке қаржыландыруға қолжетімділіктің шектелуін атап өтуге болады. Бұл қиындықтар әсіресе ауылшаруашылық өндірушілерінің көп бөлігін құрайтын шағын шаруашылықтар арасында айқын көрінеді.

АӨК тұжырымдамасында ауыл шаруашылығына күрделі салымдардың жетіспеушілігі сияқты проблема атап өтіледі. Мәселен, 1997 жылы елдің ауыл шаруашылығы өндірісіне салынған күрделі салымдардың үлесі экономикаға салынған күрделі салымдардың жалпы көлемінің небәрі 1,5%-н ғана құрады [11]. Осы мәселені шешу үшін АӨК тұжырымдамасында әртүрлі арналар арқылы нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша субсидиялау көлемін ұлғайту (негізгі және айналым қаражатын толықтыруға, лизингке, жеңілдікті кредиттеу бойынша жаңа бағдарламаларды іске қосуға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау) көзделеді.

Мемлекет қаржыландыратын жеңілдікті қарыздардың үлкен көлемінің болуы банктердің жеке инвестициялары мен коммерциялық қарыздарын ығыстырады.

Сонымен бірге, инвестицияларды тартудағы мемлекеттің рөлі бәсекеге қабілетсіз кәсіпорындарды тудыратын салаға «арзан» ақшаны енгізумен ғана шектелмеуі тиіс, сонымен қатар әкімшілік және реттеуші кедергілерді жою арқылы бизнес ортасын жақсарту болуы керек.

Осыған байланысты, саланы мемлекеттік қолдау жүйесін қайта қарау қажет. Мысалы, Беларусь Республикасында өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайту мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілерге, оның ішінде шаруа қожалықтарына жергілікті бюджет қаражатынан өткізілген және өңдеуге жіберілген ауыл шаруашылығы өнімінің бірлігіне субсидиялар төленеді [13]. Мемлекеттік қолдаудағы осындай тәсіл ШОК-ты өндіріс көлемін ұлғайтуға ынталандырады. Субсидияны нәтижеге байлау (output-based) яғни субсидия өнім көлемі, салық төлемі немесе жұмыс орнының саны секілді көрсеткіштерге байланса, тиімділік артады және ауылшаруашылық тауар өндірушілеріне үлкен мотивация болар еді. Сондай-ақ ұзақмерзімді субсидиялық бағдарламалар - қолданыстағы жыл сайын өзгеретін жүйеден гөрі 3–5 жылдық тұрақты бағдарлама фермерлер үшін қолайлы болар еді.

Елдің АӨК субъектілерін субсидиялау мемлекеттік қолдаудың үлесі елеулі болып табылатын дамыған мемлекеттермен салыстырғанда әлі де жеткіліксіз деңгейде. Осыған байланысты субсидиялау объектілерін қайта қарау, қажет болған жағдайда мамандануына және өңірлік ерекшеліктеріне қарай субсидиялар түрлерін толықтыру қажет [14].

Субсидияларды бөлу тетігі жүйенің ашықтығы және субсидия алушының портретін жасау бөлігінде жетілдіруді талап етеді.

Ауыл шаруашылығында ШОК дамуын ынталандыру ауыл шаруашылығы кооперациясы болуы мүмкін. Қазақстанда қалыптасқан ауыл шаруашылығы кооперативтері даму мен тиімділіктің тиісті деңгейін көрсетпеді: кооперативтердің жалпы шығарылымда өнім өндіру көлемінің үлесі 1%-дан азын құрайды. Негізгі проблема кооперативтерді құрудың ресми және жалған принципі болды: 2021 жылы уәкілетті органды тексеру қорытындысы бойынша 18% белсенді емес және 42% ресми құрылған кооперативтер анықталды. Нәтижесінде фермерлердің қызығушылығы мен уәждемесі мен сенімінің тапшылығы байқалады.

Кооперативтер Еуропалық одақта өздерінің тиімділігін көрсетуде. Германияда, Францияда және Бельгияда аграрлық кооперация ең дамыған, онда фермерлер бір немесе бірнеше кооперативтерге кіреді. Ұлыбританияда, Данияда, Голландияда кооперативтік құрылымдар аз дамыған. Қазіргі уақытта ЕО елдерінде кооперативтік қозғалыс фермерлердің жабдықтау қызметінің 50%-дан астамын және ауыл шаруашылығы өнімдерін сатудың, сақтаудың және өңдеудің 60%-дан астамын қамтиды.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында кооперативтер өз мүшелеріне заманауи технологияларға, инфрақұрылымға қаражат салуға, өндірістік процестер мен өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік бере отырып, шағын және орта өндірушілерге капиталға, ортақ ресурстар мен өткізу нарықтарына қол жеткізуді қамтамасыз ететіні атап өтілді. Осыған байланысты фермерлер кооперациясына жаңа тәсілдерді: тіркеуден бастап өткізуді ұйымдастыруға дейін жеткілікті қолдауды қамтамасыз ететін қаржы тетіктерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтерінің мүдделерін қорғауды, халықты консультациялық қолдауды және олардың қызметінің тиімділігін бақылауды қамтамасыз ететін ұйымдастыру тетіктерін пысықтау жоспарлануда.

Мемлекет фермерлерді «өсіру», әсіресе қолайлы институционалдық ортаны қалыптастыру (кооперацияны жолға қою, ауыл тұрғындарының хабардарлығын арттыру және консультациялық қызметтер көрсету жолымен кооперативтік қозғалысты танымал ету) жөніндегі күш-жігерді жандандыруы тиіс. Мысалы, Қырғыз Республикасында «Ауыл шаруашылығын қаржыландыру» жобасы бойынша ауыл шаруашылығы кооперативтеріне республикалық бюджеттен бөлінетін жалпы соманың кемінде 10% мөлшерінде жеңілдікті кредит бөлінеді, жыл сайын тауарлық кредиттер (ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдары, жанар-жағармай материалдары), сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасы лизингке беріледі [13]. Ресей федерациясында бірқатар мемлекеттік қолдау шаралары атаулы сипатқа ие және тек ауылшаруашылық тұтыну кооперативтеріне беріледі.

Мемлекет ШОБ-ты жаңа технологияларды енгізуге ынталандыруы қажет. Мысалы, канадалық шағын және орта кәсіпорындарға көмек көрсету мақсатында канадалық цифрлық технологияларды енгізу бағдарламасы (CDAP) іске қосылды. Осы бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлер цифрлық технологияларды қолдануды кеңейту үшін гранттар ала алады, бұл саладағы өнімділікті арттыруға ықпал ететін болады.

Қорытынды. Ауыл шаруашылығындағы шағын және орта бизнестің дамуына экономикалық бағалау жүргізіліп, келесідей тұжырымдар шығарылды:

- Шағын және орта бизнес белсенділігінің жоғары деңгейі (95,8 %) тіркелген АӨК кәсіпорындарының көпшілігі шынымен жұмыс істейтінін білдіреді, бұл сектордың тұрақтылығы мен бейімделгіштігін көрсетеді;

- ШОК өндіретін ауылшаруашылығы өнімінің көлемі баяу қарқынмен өзгеруде және ЖІӨ-дегі ауылшаруашылығы өнімінің үлесі төмен деңгейде 2023 жылы 3,9% (осы көрсеткіш Беларусь Республикасында 8,3%, Қырғызстанда 11,2% деңгейінде қалыптасқан);

- ШОК өндірген өнім көлемінің 55% дара кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтары құрап отыр, бұл шаруашылықтардың ұсақ екендігінің дәлелі;

- Ауыл шаруашылығы ШОК субъектілеріндегі еңбек өнімділігі экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда төмен деңгейде қалыптасқан.

АӨК ШОК дамуының негізгі проблемалары қаржы ресурстарының жетіспеушілігі, өнімді өткізудің күрделілігі, өндірістік базаның техникалық артта қалуы, әкімшілік кедергілермен байланысты болып отыр.

Ауыл шаруашылығында ШОК-ты тиімді дамыту мемлекеттік реттеудің пәрменді тетігі болған кезде мүмкін болады, ол мынадай бағыттарды қамтуға тиіс:

- ынталандыру, яғни өз ісін ұйымдастыруды белсендіретін экономикалық құралдар, көлеңкеден шығу. Айта кету керек, ауылда кәсіпкерлік қызметті жандандырудың негізгі қозғаушы факторы отбасы мүшелерін жұмыспен қамту және ауылда өмір сүру, содан кейін өз мүмкіндіктерін іске асыру және үстеме пайда алу болып табылады;

- бәсекелестік орта құруға, бизнесті жүргізу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оның ішінде әкімшілік қысымнан және ірі бизнес-құрылымдар тарапынан жосықсыз бәсекелестіктен қорғауға бағытталған институционалдық;

- дамыған нарықтық инфрақұрылым мен ШОК қолдау инфрақұрылымын құру.

Ауылдағы жұмыспен қамтуды арттыру, ауылдық аумақтардың табиғи-ресурстық әлеуетін сақтау және ұлғайту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту болып табылатын ШОК іске асыратын әлеуметтік функциялар мемлекет тарапынан әзірленетін ықпал ету әдістері мен шараларының негізіне алынуға тиіс.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы ауыл шаруашылығында ШОК дамыту және ауыл шаруашылығында ШОК дамыту бағыттарын жүйелеу, атап айтқанда, шағын кәсіпкерлік құрылымдарда өндірістің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыру, тұтыну кооперациясын дамыту, ШОК пен мемлекеттің өзара іс-қимыл жүйесін құру, ауыл шаруашылығында ШОК цифрлық технологияларын қолдану, ауыл шаруашылығында отбасылық кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұсынымдардан тұрады.

Ұсынылған даму бағыттары ШОК-тың тиімді жұмыс істеуі үшін қолайлы іскерлік орта құруға, инновациялық қызметті жандандыруға, ауыл кәсіпкерлерінің әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, сондай-ақ іске асырылып жатқан аграрлық секторды дамыту стратегиялары мен бағдарламаларының нәтижелілігі мен тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ивойлова И.В. Особенности малого и среднего предпринимательства в Республике Казахстан // Экономика и бизнес: теория и практика. – 2021. – №3(1). – С. 211–215.
2. Мусаева Б.М. Роль малого и среднего бизнеса в развитии экономики региона // Деловой вестник предпринимателя. – 2021. – №4(6). – С. 86–89.
3. Байкадамов Н.Т., Жакупова Б.А., Кельбетова С.Ж. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік өндірісін мемлекеттік қолдау шаралары» // Проблемы агрорынка. – 2020. – №3. – Б. 51–60.
4. Жакупова Б.А., Макаров А.Н., Токтарова М.А. Малый и средний агробизнес: современные реалии, проблемы и пути их решения. // Проблемы агрорынка. – 2023. – №3. – С. 82–91. – <https://doi.org/10.46666/2023-3.2708-9991.08>
5. Жумашева С.Т., Омарбакиев Л.А., Низамдинова А.К. Предпринимательская деятельность в сельской местности Казахстана: возможности и перспективы. // Проблемы агрорынка. – 2023. – №3. – С. 70–81. – <https://doi.org/10.46666/2023-3.2708-9991.07>
6. Тулешова Г.Б., Сапаров Е.К., Сыздықбаева Н.Б. Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласында кәсіпкерлікті дамыту басымдықтары // Проблемы агрорынка. – 2019. – №3. – С. 99–106.
7. Otinova M., Savchenko T. Development of small agricultural business: trends and priorities. // IOP Conference Series: Earth Sciences and the Environment. – 2019. – doi:10.1088/1755-1315/274/1/012039
8. Parkhomchuk M., Sentishcheva E., Kuzmina V., Golovin A. Increasing the state regulation efficiency of the agro-industrial complex // IOP Conf. Series: Earth and Environmental Science 1010. – 2022. – doi:10.1088/1755-1315/1010/1/012115
9. Dumitru TRACI Financial stability management of the agro-industrial complex enterprise in the market economy // Journal of Research on Trade, Management and Economic Development Category B VOLUME 10, ISSUE 2(20)/2023.
10. Misnik O., Mussina R., Turmakhanbetova G., Alibekova A. Financial support for the development of small and medium-sized businesses in agriculture in Kazakhstan // Bulletin of Economics, Finance and International Trade of the Kazakh University. – 2025. – №1(58). – P. 186–195. – DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).22

11. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960>
12. Қазақстандағы ауыл шаруашылығының дамуына шолу. – URL: https://halykfinance.kz/download/files/analytics/AC_agriculture_development.pdf
13. Ахметшина Л. Европейский опыт развития аграрного предпринимательства, Теория и практика предпринимательской деятельности. – URL: <file:///C:/Users/ay.tulepbekova/Downloads/evropeyskiy-opyt-razvitiya-agrarnogo-predprinimatelstva.pdf>
14. Кульмаганбетова А.С., Музыка О.С., Амишева З.М. Совершенствование системы субсидирования субъектов АПК// Вестник экономики, финансов и международной торговли Казахского университета. – 2023. – №2(51). – С. 130–139. – DOI 10.52260/2304-7216.2023.2(51).17
15. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, Ұлттық статистика бюросының ресми сайтының мәліметтері. – URL: <https://stat.gov.kz>

REFERENCES

1. Ivojlava I. Osobennosti malogo i srednego predprinimatel'stva v Respublike Kazahstan [Features of small and medium entrepreneurship in the Republic of Kazakhstan] // *Jekonomika i biznes: teorija i praktika*. – 2021. – №3(1). [in Russian].
2. Musaeva B.M. Rol' malogo i srednego biznesa v razvitii jekonomiki regiona [The role of small and medium-sized businesses in the development of the regional economy] // *Delovoj vestnik predprinimatelja*. – 2021. – №4(6). – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-malogo-i-srednego-biznesa-v-razvitii-ekonomiki-regiona>. [in Russian].
3. Bajkadamov N., Zhakupova B., Kel'betova S. "Kazakstan Respublikasynyn agroonerkasiptik ondirisin memlekettik qoldau sharalary" [State support measures for agro-industrial production of the Republic of Kazakhstan] *Problemy agrorynka*. – 2020. – №3. – B. 51–60. [in Kazakh].
4. Zhakupova B., Makarov A., Toktarova M. Malyy i sredniy agrobiznes: sovremennyye realii, problemy i puti ih resheniya [Small and medium agribusiness: modern realities, problems and solutions] // *Problemy agrorynka*. – 2023. – №3. – S. 82–91. – <https://doi.org/10.46666/2023-3.2708-9991.08> [in Russian].
5. Zhumasheva S., Omarbakiev L., Nizamdinova A. Predprinimatel'skaya deyatel'nost' v sel'skoj mestnosti Kazahstana: vozmozhnosti i perspektivy [Entrepreneurship in rural areas of Kazakhstan: opportunities and prospects]. // *Problemy agrorynka*. – 2023. – №3. – S. 70–81. <https://doi.org/10.46666/2023-3.2708-9991.07> [in Russian].
6. Tuleshova G., Saparov E., Syzdykbaeva N. Kazakstannyn auyl sharuashylygy salasynda kasipkerlikti damytu basymdyktary [Priorities of entrepreneurship development in the agricultural sector of Kazakhstan] // *Problemy agrorynka*. – 2019. – №3. – B. 99–106. [in Kazakh].
7. Otinova M., Savchenko T. Development of small agricultural business: trends and priorities. // *IOP Conference Series: Earth Sciences and the Environment*. – 2019. –doi:10.1088/1755-1315/274/1/012039
8. Parkhomchuk M., Sentishcheva E., Kuzmina V., Golovin A. Increasing the state regulation efficiency of the agro-industrial complex// *IOP Conf. Series: Earth and Environmental Science* 1010. – 2022. – doi:10.1088/1755-1315/1010/1/012115
9. Dumitru TRACI Financial stability management of the agro-industrial complex enterprise in the market economy// *Journal of Research on Trade, Management and Economic Development Category B VOLUME 10, ISSUE 2(20)/2023*.
10. Misnik O., Mussina R., Turmakhanbetova G., Alibekova A. Financial support for the development of small and medium-sized businesses in agriculture in Kazakhstan// *Bulletin of Economics, Finance and International Trade of the Kazakh University*. – 2025. – №1(58). – P. 186–195. – DOI 10.52260/2304-7216.2025.1(58).22
11. «Kazakstan Respublikasynyn agroonerkasiptik keshenin damytudyn 2021–2030 zhyldarga arналған tuzhyrymdamasyn bekіtu turaly» [On approval of the concept of development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021–2030] *Kazakstan Respublikasy Ykimetinin 2021 zhylygy 30 zheltoksandagy № 960 qaulysy*. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960> [in Kazakh].

12. Kazakstandagy auyl sharuashylygynyn damuyna sholu [Overview of the development of agriculture in Kazakhstan]. – URL: https://halykfinance.kz/download/files/analytics/AC_agriculture_development.pdf [in Kazakh].

13. Ahmetshina L. Evropejskij opyt razvitiya agrarnogo predprinimatel'stva, Teoriya i praktika predprinimatel'skoj deyatel'nosti [European experience in the development of agrarian entrepreneurship, Theory and practice of entrepreneurial activity]. – URL: <https://C:/Users/ay.tulepbekova/Downloads/evropeyskiy-opyt-razvitiya-agrarnogo-predprinimatelstva.pdf> [in Russian].

14. Kul'maganbetova A., Muzyka O., Amisheva Z. Covershenstvovanie sistemy subsidirovaniya subektov APK [Improving the system of subsidizing agricultural entities] // Vestnik jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj trgovli Kazahskogo universiteta. – 2023. – №2(51). – S. 130–139. – DOI 10.52260/2304-7216.2023.2(51).17[in Russian].

15. Qazaqstan Respublikasy Strategijalyq zhosparlau zhane reformalar agenttigi, Ulttyq statistika bjurosynyn resmi sajtyнын malimetteri. – URL: <https://stat.gov.kz>

Аймурзина Б.Т., Сарбасова Р.С., Тулепбекова А.А., Баймолдаева М.Т.

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ

Аннотация

В настоящее время развитие отрасли сельского хозяйства характеризуется поиском новых направлений аграрного бизнеса, которые выдержат экономические кризисы и препятствия, обеспечат продовольственную безопасность страны и будут направлены на снижение объемов импорта в страну. Одним из направлений устойчивого развития агропромышленного комплекса является развитие малого и среднего предпринимательства. Малый и средний бизнес, благодаря своим беспрецедентным преимуществам, является мобильным и продуктивным сектором экономики, основным генератором инновационных процессов в нем, относится к одному из направлений финансового оздоровления сельскохозяйственной отрасли. Несмотря на реализацию широкомасштабных мер, в настоящее время развитие сельского хозяйства, в том числе малого и среднего бизнеса, идет очень медленными темпами. Его доля в сельхозпродукции не достаточно велика. Данная ситуация обусловлена характерными особенностями сельского хозяйства, природно-климатическими условиями, а также многочисленными препятствиями в развитии малого и среднего бизнеса.

В статье рассматриваются основные проблемы и препятствия, сдерживающие развитие малого и среднего бизнеса (МСБ) в агропромышленном комплексе (АПК) Казахстана. Анализируются факторы, влияющие на эффективность функционирования субъектов МСБ в сельском хозяйстве. Выявлены такие ограничения, как низкий уровень развития инфраструктуры, высокий уровень технического износа производственных мощностей, нестабильность рынков сбыта и недостаточные меры поддержки на региональном уровне. На основе проведенного анализа предложены рекомендации по совершенствованию механизмов государственной поддержки, развитию сельской кооперации и оптимизации системы субсидирования с целью стимулирования устойчивого роста МСБ в АПК.

Aimurzina B., Sarbassova R., Tulepbekova A., Baimoldayeva M.

PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN THE AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

Annotation

Currently, the development of the agricultural sector is characterized by the search for new directions of agricultural business that will withstand economic crises and obstacles, ensure food security of the country and will be aimed at reducing the volume of imports into the country. One of the directions of sustainable development of the agro-industrial complex is the development of small and medium-sized businesses. Small and medium business, due to its unprecedented advantages, is a mobile and productive sector of the economy, the main generator of innovative processes in it, and is one of the areas of financial recovery of the agricultural sector. Despite the implementation of large-scale measures, the development of agriculture, including small and medium-sized businesses, is currently proceeding at a very slow pace. Its share in agricultural production is not large enough. This situation is due to the characteristic features of agriculture, natural and climatic conditions, as well as numerous obstacles to the development of small and medium businesses.

The article discusses the main problems and obstacles hindering the development of small and medium-sized businesses (SMEs) in the agro-industrial complex of Kazakhstan. The factors influencing the effectiveness of the functioning of SMEs in agriculture are analyzed. Limitations such as a low level of infrastructure development, a high level of technical deterioration of production facilities, unstable sales markets and insufficient support measures at the regional level have been identified. Based on the analysis, recommendations are proposed for improving the mechanisms of state support, developing rural cooperation and optimizing the subsidy system in order to stimulate the sustainable growth of SMEs in the agro-industrial complex.

